

Сонымен катар, ас блогына түсетін шикі тағамның сапасын бақылап, оның сақталу мерзімін қадағалайды. Ас блогының өндірістік және басқа да үй-жайлары тәртіппен және таза ұсталады. Тамақ өнімдерін еденде сақтауға жол берілмейді.

Ұйымның персоналдары медициналық тексеруден өткен, жеке медициналық кітапшалары бар және жұмысқа рұқсат белгісі қойылмаған адамдарды жұмысқа қабылдауға жол берілмейді.

Шикізаттың жеткілікті қолданылуы, шикі және дайын астың сапасын бақылайтын бракераждық журналдың уақтылы толтырылуы мектеп медбібісіне жүктелген.

2022-2023 оқу жылында оқу жылынан бастап жергілікті бюджет қаражаты есебінен 1- 4 сыныптардың білім алушылары 804 оқушы, жаппай бір реттік ыстық тамақпен тегін тамактанады. 1-4 сыныптар бойынша жалпы – 34 сынып .


I ауысымда -17 сынып

1 «А», «Б», «В», «Г», «Д», «Е» (қазақ сыныптар) бала саны – 150 оқушы
2 «А», 3 «Б», «В», 4 «А», «Б» (қазақ сыныптар) бала саны –126 оқушы
1 «А», «Б», 2 «А», «Б», 3 «А» ,4 «А» (орыс сыныптар) бала саны -136

II ауысым – 17 сынып

2 «Б», «В», «Г», «Д» , 3 «А», «Г», «Д», «Е» , 4 «В», «Г», «Д», «Е», «Ж» (қазақ сыныптар) бала саны – 314 оқушы

3 «Б» , «В», 4 «Б», «В» (орыс сыныптар) бала саны -78 оқушы.



Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысымен көзделген бюджет қаражаты шенберінде тамактанатын 5-11 сыныптар бойынша аз қамтылған 56 білім алушыларын ыстық тамақпен қамту бойынша құжаттар жиналып тізім жасалынды.

Тізім бойынша көп балалы – 24 оқушы (АСП - 1), аз қамтылған - 22 оқушы, қамқорлыққа алынған – 4 оқушы , мүгедек оқушы –5 (1 оқушы инклузивті сыныпта білім алады) оқушы.

Ұлы -27 , Қызы - 29 оқушы. Әлеуметтік санаттар бойынша: атаулы көмек алатын отбасы (АСП) – 1 , қамқорлыққа алынған – 2 , көп балалы отбасы –18, ТЖ салдарынан жәрдем қажет ететін балалар саны - 0, басқа да санаттағы балалар саны -35